

## БӨЛІМ: ҰСТАЗ ОЙЫ

## Желтоқсан ызғары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/87776/>

Омарова Айымгүл  
БҚО, Орал қаласы, Бәйтерек ауданы,  
Ульянов жалпы орта білім беретін мектебінің  
әлеуметтік педагог және өзін – өзі тану пән мұғалімі

## Желтоқсан ызғары

Бүгінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Егеменді ел болып отырмыз. Бұл жолда ықылым замандардан бері талай тарихтың қойнауында жатқан тылсым дүниелер уақыт өте келе ашылып жатыр. Әр кісі – Түркі әлемі, бергісі – Шыңғысхан шапқыншылығы мен жоңғар, қалмақ шапқыншылығы. 300 жылдан астам орысқа бодан болу, одан Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясатының ықпалын қазақ қашан да езгіленіп келді. Осы орталық Азияны мекендеген түркі тектес халықтардың көпшілігін КСРО билігі бұратана халық ретінде санап, орыс халқын «ұлы» халық деп санамызға сыйдырып келген. Сол шолақ саясаттың тәрбиесінің ұшын біз тарихтан білеміз. Бізден үлкен аға, әпкелеріміздің сол Кеңес жүйесінің тәрбиесімен қатаң өскендігі соншама, біздің өзімізге соны «дұрыс саясат» деп орыс халқы жайлы мысалға келтіріп бірдеңе айтар болса «мына ұлы халықтың өкілдері» деген сөзді де естіп жүрдік. Ол кісілерге де өкпе жоқ-ау, өскен ортасы, көрген саясаты сол болды. 1986 жылы «Алматы қаласында бір топ жастар мен дүйім жұрт көтеріліп алаңға шықты», «Қазақты қазақ билесін» деген ұранды алға тартып Қазақстан ретінде дербес Тәуелсіз ел боламыз деп көтерілген жатыр дегенде, «Е, қазағым, кеудеңде шыбын жаныңның бары рас екен-ау » деген ой болашаққа деген үлкен жол ашып үміттерін арттырады. Кейіннен халқымыз «Енді КСРО болмайды екен, әр республика өз бетіне дербес мемлекет болады екен» деген хабарды естіп, шын жүректен бас киімімізді аспанға атып, төбеміз көкке бір елі жетпей қатты қуанды. Араға 5-6 жыл салып сол Тәуелсіздікке қолымыз да жетті. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде ең соңғы болып КСРО құрамынан бөлініп шықты. Осы Тәуелсіздікке жету үшін талай қазақ жастары жас өмірлерін құрбан етіп, өмірден кете барды. «Ұлын ұяға, қызын қияға қондырамын» деген талай ата-ананың тауы шағылды. Тәуелсіздік жолында өз жандарын қатерге тігіп, өз тағдырларын тәркі етіп,

өмірден өз жолдарын таба алмай кеткен қаншама адамның тағдыры жатыр. Бұл Тәуелсіздік қазақ үшін осынысымен қымбат. Және ол біздің тарихымызда мәңгілік орнын алды.

Содан Қазақстан Республикасы Президенттік басқару жүйесіне көшіп, билік басына Жас Қазақстанның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тағайындалды. Бұл оқиға Қазақстан тарихында ең көлемді орын алатын оқиғалардың бірі. Әрине, өшкеніміз жанып, өлгеніміз қайта тірілгендей үлкен ұлы сезімді басымыздан өткердік.

Сол уақытта жас және әлі негізі өздігімен қаланбаған мемлекеттің барлық ауыртпалығы ел басында отырған ағаларымызға түсті. Елбасы бастаған бір топ ағаларымыз ең әуелі жас Қазақстанның экономикасын қалай көтеруді мақсат етті. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы Қазақстан қалаларының дүкендерінің сөрелері бос болып қаңырап қалды. Жұмысшылар айлап айлықтарын ала алмайтын халге жетті. Бұл оқиға тарих беттерінде кейіннен «Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы» деген атпен сақталып қалды. Бірақ дәл сол кезде халықты аштық пен жұмыссыздықтан, үлкен экономикалық тығырықтан алып шығатын дербес жол керек еді. Және сол жолды Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті қасына жиналған қазақ қауымының білікті мамандарын алға тарта отырып, халыққа пайдалы саясат құрып алып шықты. Әуелде ол дербес ел ретінде құрылған саясаттың орындалып, Қазақстанның экономикасының өз бетімен құрылуына көп ел сене қоймады. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы алға қойған мақсатынан тайған жоқ. Әрине, бұл қиындықтар қара халық үшін оңайға соққан жоқ. Дегенмен, халықтың алдында үлкен үміт арқалаған жаңа жол тұрды.

Алла амандығын берсе келер жылы Қазақстанымыздың Егеменді Тәуелсіз мемлекеттігінің 30 жылдығын тойлау қарсаңында тұрмыз. Бүгінгі Қазақстанның экономикасы әлем елдерінің бірталайына бәсекелестік тудыратын экономикасына жетті. Қазақстан ғылым, мәдениет, спорт және көп этносты мәдени зайырлы мемлекет ретінде әлем аренасында танымал. Міне, Тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен жолы мен ертеңгі болашағында ұрпағына қалдырар Тәуелсіздік тарихы осылай құрылды. «Еліміз аман, Жұртымыз тыныш болсын». Тәуелсіз Қазақстанымыз мәңгі жасасын дегім келеді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.